

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 11-3/1070 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 26 маусымдағы № 221 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 123 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 25.04.2025 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 11-3/1070 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12477 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 11-3/1070 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары

Р/с №	Заттай норманың атауы	Өлшем бірлігі	Сандық мәндегі нормасы	Пайдаланылу мерзімі, жыл	Қолданылу саласы	Таралу саласы	Заттай нормалардың анықтамасы мен қолданылуын нақтылайтын сипаттамалары
1	2	3	4	5	6	7	8
1		дана	3	7		Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	
2		дана	228			Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары, оның ішінде:	
2.1		дана	20	7		Ақмола облысы	

2.2	Арнайы көлік құралдары*	дана	14	7	Шаруашылық жүргізуші субъектілерді инспекциялық және жедел басқаруды жүргізу үшін	Ақтөбе облысы	Жеңіл автомобиль базасындағы көлік құралы, бензинді, қозғалтқыш көлемі 3000 текше сантиметрге дейін
2.3		дана	11	7		Алматы облысы	
2.4		дана	9	7		Атырау облысы	
2.5		дана	12	7		Шығыс Қазақстан облысы	
2.6		дана	12	7		Жамбыл облысы	
2.7		дана	14	7		Батыс Қазақстан облысы	
2.8		дана	14	7		Қарағанды облысы	
2.9		дана	9	7		Қызылорда облысы	
2.10		дана	21	7		Қостанай облысы	
2.11		дана	8	7		Манғыстау облысы	
2.12		дана	14	7		Павлодар облысы	
2.13		дана	15	7		Солтүстік Қазақстан облысы	
2.14		дана	18	7		Түркістан облысы	
2.15		дана	11	7		Абай облысы	
2.16		дана	11	7		Жетісу облысы	
2.17		дана	6	7		Ұлытау облысы	
2.18		дана	3	7		Астана қаласы	
2.19		дана	3	7		Алматы қаласы	
2.20		дана	3	7		Шымкент қаласы	

Ескертпе:* арнайы көлік құралы – шаруашылық субъектілерді инспекциялық және жедел басқаруды жүргізуге арналған жеңіл автомобиль базасындағы көлік құралы.

